

# А И Қ Ы Н



# Қазақ даласында арыстан болған ба?

**Қазақ хандығының 550 жылдығына орай түсіріліп, алдағы 16 желтоқсанда көрерменге жол тартуы тиіс «Қазақ елі» көпсериялы фильмінің ролигінде көрсетілгендей, далада шалқасынан ұйықтап жатқан Шайбани ханға қарсы арыстан атылады.**

Көзіміз алдаған шығар деп қайталап көрдік, жоқ, Тұран жолбарысы емес, кәдімгі жалбыраған жалы бар, басы дәу ақырған арыстан. Әлдебір батыр сол арыстанды өлтіріп, Шайбани ханды жыртқыштың қанды тырнағынан құтқарып қалады.

Мұхаммед Шайбани хан 1500 жылдары билік құрғанын ескерсек, сол кезеңде Тұран даласында арыстан болуы мүмкін бе? Африкада ғана өмір сүретін арыстан қазақ даласында неғып қаңғып жүр? Фильм авторлары мұндай ағаттыққа қалай жол берген? Тарихи кинотуынды болған соң, режиссер қиялға емес, шындыққа сүйенуі керек емес пе? Арыстанға бергісіз Тұран жолбарысы қазақ даласында XX ғасырдың бел ортасына дейін өмір сүргені, соңғы жолбарыс 1957 жылы Балқаш маңында өлтірілгені белгілі. Ендеше, елде жоқ қайдағы арыстанның орнына кинода Тұран жолбарысын көрсетпей ме?! Кез келген көрерменнің осылай ойлары анық.

Бірақ... Тұран даласында бір заманда Азия арыстаны өмір сүргенін көпшілік біле бермейді-ау. Азия арыстанын кейде парсы, кейде үнді арыстаны деп те атайды. Африкалық туыстарына қарағанда азиялық арыстан кішілеу және жеңілдеу, қызғылт-қоңыр түсті болып келеді. Аңызға сүйенсек, соңғы азиялық арыстанды X ғасырда Дон бойында князь Игорь өлтірген делінеді. Ал Еуропаның соңғы арыстанын Киев князі Владимир Мономахтың өлтіргені жөнінде Киевтегі София соборында фреска, сондай-ақ осы тақырыпта салынған картина да бар. Закавказьеде X ғасырға дейін ширваншахтар арыстан аулаған. Арыстандар бұл өлкеде сол X ғасырда құрып бітті делінеді. Ал XVII ғасырдың ортасында Грузияның батысында арыстан мен жолбарыстың қатар өмір сүргені жайлы Верещагиннің деректері ғылымда қателік саналады.

Тұран жолбарысы өткен ғасырдың ортасына дейін өмір сүрсе, азиялық арыстан 1907 жылы құрып бітуге таяған делінеді. Ең соңғы азиялық арыстанның 1942 жылы Иранда өлтірілгені жөнінде дерек бар. Палестина, Түркияда XIX ғасырға дейін аман жетсе, Иракта XX ғасыр басында кездескен деген дерек жүр. Ал бүгінде Үндістанның батысында орналасқан қорғаудағы хайуанбақта азиялық арыстанның санаулы ғана басы сақталып отырған көрінеді. Олардың еркегінің салмағы 160-190 келі болса, ұрғашысы 110-120 келі мөлшерінде. Құйрығының ұшы қара болып келеді. Табиғи жағдайда өз тұқымдастары секілді бұлар да үйірімен жүреді.

Бұдан 13 мың жыл бұрын қазіргі Еуразия даласында қазіргі арыстаннан төрт есе үлкен қылыш тісті арыстандардың өмір сүргенін ғалымдар дәлелдеп отыр. Бұл алып арыстандар сол 13 мың жыл бұрын құрып біткен.

Неміс палеонтологы Гольдфус 1810 жылы Рейн жағалауындағы үңгірден табылған арыстанның бас сүйегіне ұқсайтын мысық тұқымдас ірі жыртқышты бас сүйегіне қарап оны «үңгір арыстаны» деп атаған. Кейінірек мұндай бас сүйектер Сібірден, Оралдан, Қырым мен Кавказдан табылған. Ыстық жерде өмір сүретін арыстанның бас сүйегінің қаһарлы аязы шатынаған Сібірден табылуы фантастика ретінде мамандардың күдігін тудырған. Енді ше, біз арыстанды тек қана Африка мен Үндістанның ыстық саванналары мен жунглилерінде өмір сүреді деп келдік қой.



Тарихқа сүйенсек, ежелгі римдіктер мен гректер Африкадан үйір-үйір арыстандарды Кіші Азияға цирк ойындары және ұрысқа салу үшін алып келген. Одан арыстандардың Еуропаға таралғаны түсінікті. Бірақ та олар суығы үскірік Сібірде қайдан жүр? Сібірлік палеонтолог И.Черский үңгір арыстанының қорқынышты бас сүйегін зерттей келіп, оның жолбарысқа көбірек ұқсайтынын анықтап, түп-тегі жолбарыстан тараған деп санаған.

Жолбарыстың басқа бір түрі болсын, әйтеуір арыстанға ұқсаған айбарлы аңның қазақ жерінде өмір сүргені анық. Даламызда Арыстан баб, Арыстан баба кесенелері бар. «Арыстан еді-ау, Исатай! Бұл фәнидің жүзінде. Арыстан одан кім өткен?!» дейді Махамбет ақын. «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?» дейді Мағжан ақын. Арыстан ежелгі қазақ жерінде болмаса, ақындардың өлеңінде аты жүрер ме еді?

Арыстан бейнесі Азиядан гөрі Еуропа мемлекеттерінде кең таралған. Ұлыбритания, Бельгия, Нидерланды, Норвегия, Швеция, Финляндияның гербтерінде алтын арыстан, Испания мен Люксембургтің гербтерінде қызыл арыстан, Болгария мен Чехославакияның гербтерінде ақ арыстан бейнеленген. Шотландия, Дания, Эстония елдерінің гербтерінде де арыстан бейнесі бар.

Аң патшасы Арыстан – құдайлық күн энергиясының символы, оттың күшін, шексіз билік пен құдіреттің, әскери қуаттылық пен батырлықтың, жігерлілік пен мықты қорғаныстың, сондай-ақ каталдықтың бейнесі.

Ежелгі египеттіктердің аңыздарында әйел басты арыстан күн құдайының қуатты күшін бейнелейді. Мысырдағы адам басты арыстан – Сфинкс құдіретті перғауындардың тыныштығын мәңгілік күзетіп тұрғаны әлемге белгілі.

Аңыз-ертегілердегі батыр-балуандардың арыстанмен алысуы өз алдына бір бөлек әңгіме. Арыстанмен Гильгамеш, Самсон, Давид, Аспандияр және басқа да аңыз кейіпкерлері шайқасқан. Эврисфея патшаның бұйрығымен Геракл арыстанмен шайқасып, жалаңаш қолымен қылқындырып жеңеді.

Әлемдік діндерде де арыстан қасиетті саналады. Мәселен, будда дінінде арыстан даналықты, тәртіпті, өз-өзіне сенімділікті бейнелесе, Будданың өзін кей-кейде «адамдардың арасындағы арыстан» деп атапты. Ислам дінінде Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы Әзірет Әліні және Пайғамбардың ағасы хазіреті Хамзаны «Алланың арыстаны» деп атаған. Ал христиан дініне келсек, Римнің қандықол императорлары Нерон мен Диоклетианның өзіне жақпаған христиан әулиелерін аш арыстанға жем қылғанына байланысты болса керек, арыстан бейнесі азаптаудың, зардап шегушінің символына айналып кеткен. Ренессанс дәуіріндегі өнерде арыстан – батырлық пен жауыздықтың атрибуты. Арыстан – жұлдызнамадағы 12 белгінің бірі. 28 шілде мен 20 тамыз арасында арыстан белгісінде туған адамдар, астрологтардың дәлелдеуінше, арыстандай өр кеуделі, от жүректі, күшті, турашыл, тәуекелшіл, еркін, қайратты болып келеді.

Азия елдері ішінен арыстан бейнелі эмблеманы тек екі ел – Үндістан мен Шри-Ланка пайдаланады. Африка елдерінде де арыстан эмблемасы бар.

Басына тәж киген арыстан бейнесіндегі ескерткіштер патша сарайларын, хандардың тағын, әміршілердің моласын «күзететін» болған. Қазір де салтанатты сарайлардың алдынан көруге болады. Арыстан бейнесіндегі фонтандар бүкіл әлемге тараған. Өзбекстанның мәдени астанасы Самарқанд қаласындағы Жалантөс батыр салдырған Регистан ансамблін құрайтын Шер-Дор медресесінің қабырғасында да күн көтерген арыстандар бейнеленген.

---

**Аңыздағы арыстан емес, өмірдегі шын арыстан қандай аң, оны да біле жүргеннің артықтығы жоқ. Билолог зерттеушілер бұл аңның өзіндік ерекшеліктерін төмендегіше сипаттайды:**

**Арыстан мысықтар секілді иісті «Якобсон трубкасы» арқылы сезеді. Яғни, кез келген иісті олар ауаны өзіне тартып, жоғарғы ерні мен мұрнын аспанға көтеру арқылы сезеді.**

**Арыстанның бет пішіні адамның саусақ ізіне ұқсайды. Өздеріңіз білетіндей адамның саусақ іздері бір-біріне ұқсамайды, яғни сәйкес келмейді. Арыстанның жүзі де бір-біріне ұқсамайды.**

**Арыстанның тырнағының ұзындығы 7 см-ге дейін жетуі мүмкін. Әдетте үлкен арыстандарда 30 тіс болады. Сояудай тістері болғанымен олар онымен азығын шайнамайды. Олар тістері арқылы азығының бір бөлігін жұлып алып, ары қарай бүтіндей жұтады.**

**Арыстандар түнде адамдардан 6 есе жақсы көреді. Арыстандар ең кішкентай жүректің иесі. Яғни, аңдардың ішіндегі жүрегі ең кішкентай аң ол – арыстан.**

**Арыстан ақыратын болса оны 8 шақырым жерден естуге болады. Ал кішкентай арыстандар екі жасқа толмай мүлдем айбат шеге алмайтын көрінеді.**

**Егер де арыстанның тоқ екенін білсе, яғни, тамаққа тәбеті болмай тұрғанын аңғарған кез келген жануар арыстанның жанында емін-еркін жүре береді. Ондай кезде өзінің өмірі үшін алаңдамайды.**

**Негізінде адам жейтін арыстандар физикалық жағынан күшті болып келеді. Бірақ осы уақытқа дейін адамға немесе үй жануарларына көбінесе әлсіз, жаралы арыстандар шабуылдайды деп келді. Себебі, ондай арыстандар зебра, елік секілді жабайы жүйрік жануарларды қуып жете алмайды.**

**Жаңадан туған абадандардың салмағы 1-2 келі ғана болады. Ал кейін өскенде олардың салмағы 220 келіге дейін жетеді. Олар туғаннан кейін 11-күні көздерін ашады. 15-күні жүре бастайды. Кішкентай арыстандардың терісінде қара дақтар болады. Бірақ ол дақтар уақыт өте келе жойылады. Абадандарды өздерінің анасы немесе мүмкіндігі бар кез келген ұрғашы арыстан емшек сүтімен қоректендіре береді.**

**Ұрғашы арыстандар еркек арыстандарға қарағанда ұзағырақ өмір сүреді. Әдетте олар 14-16 жыл жасайды. Ал еркек арыстандардың ішінде 16 жылға дейін өмір сүрген кәрі арыстандар болған. Ал хайуанбақта өмір сүретін арыстандардың өмірі 13 жылдан аспайды.**

**Арыстандар бір ай бойы сусыз өмір сүре алады. Жейтін азығының құрамындағы ылғал жетіп жатыр.**

**Арыстан – ұйқыны өте қатты жақсы көретін аң. Тәулігіне 20 сағат ұйықтайды.**

Төреғали ТӨШЕНОВ